



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 22 желтоқсандағы
№ ДС-497 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Гемодиализ бойынша медициналық қызметтерге арналған тарифтерге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Денсаулық сақтау министрлігінің тарифтерді қалыптастыру мәселелері жөніндегі жұмыс органы гемодиализ қызметіне тарифті қайта қарап, 36 231 теңгеге дейін ұлғайтты және ол 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді.

Жалпы 2019-2023 жылдар аралығында гемодиализ қызметтеріне тарифтердің өсуі 38% құрады (*2019 жылы 26 248 теңгеден 2024 жылы 36 231 теңгеге дейін*) және гемодиализ алатын пациенттер саны 44%-ға өсті (*2019 жылы 6 492-ден 2023 жылы 9 345-ке дейін*).

Көрсетілген кезеңде гемодиализ қызметтеріне қаржыландыру көлемінің өсуі 93%-ды құрады (*2019 жылы 22, 8 млрд теңгеден бастап 2023 жылы 44 млрд теңгеге дейін*).

Нәтижесінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде гемодиализ қызметтерін берушілер саны 28% - ға өсті (*2019 жылы – 100 қызмет беруші, 2023 жылы – 128 қызмет беруші*), оның 76% – жеке меншік нысаны.

Осылайша, гемодиализ қызметіне жаңа тариф нақты шығындарға сәйкес жасалды және гемодиализ қызметін берушіге медициналық көмекті толық көлемде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Атамекен» ҰКП алаңында медициналық қызметтер берушілермен қолданыстағы тарифке, науқастарға медициналық көмек көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне қатысты мәселелер бойынша жұмыс кездесулер өткізілді, онда гемодиализ тарифтерінің көлемі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Т. Дүйсенова